

**Талдықорған қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 01 наурыздағы "2010 жылы әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы" N 4-119 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 17 мамырдағы N 11 -372 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Талдықорған қаласының Әділет басқармасында 2010 жылы 22 маусымда N 2-1-125 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 06 қаңтардағы N 1-14 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Талдықорған қаласы әкімдігінің 2011.01.06 N 1-14 Қаулысымен**

Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 28-бабына сәйкес, Талдықорған қаласы мәслихаттың 2009 жылғы 10 желтоқсандағы "Талдықорған қаласының 2010-2012 жылдарға арналған бюджеті туралы" (Талдықорған қаласының Әділет басқармасында Нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 12 желтоқсанда тіркелген нөмірі N 2-1-110, "Талдықорған" газетінің 2010 жылғы 15 қаңтардағы 3 нөмірінде жарияланған) N 158 шешімін орындау мақсатында қала әкімдігі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Талдықорған қаласы әкімдігінің 2010 жылғы 01 наурыздағы "2010 жылы әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы" (Талдықорған қаласының Әділет басқармасында Нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2-1-116, "Талдықорған" газетінің 2010 жылғы 15 қаңтардағы 3 нөмірінде жарияланған) N 4-119 қаулысына толықтыру енгізілсін:

3-тармақта "республикалық бюджеттен" деген сөздерден кейін "және жергілікті бюджеттен" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары М.Қ. К ө л б а е в қ а жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі*

*С. Жылқайдаров*